

**Қазақстан Республикасының Білім және Ғылым Министрлігі  
Абай атындағы Қазақ Ұлттық Педагогикалық Университеті  
Педагогика-психология институты  
Арнайы білім беру кафедрасы**

**ДИПЛОМ ЖҰМЫСЫ  
5В010500 – «Дефектология» мамандығы**

**Тақырыбы: «Жалпы білім беру мектебінде бастауыш сынып оқушыларында сөйлеу тілі бұзылыстарының жағдайы»**

**Орындаған:**

**Логопедия бөлімінің 4 курс,  
студенті Ғалымжанова А.Ж.**

**Ғылыми жетекші:**

**п.ғ. магистрі, аға оқытушы  
Тулєбиева Г. Н.**

# Тақырыптың өзектілігі

Соңғы жылдары педагогтар, психологтар және жалпы білім беру мектеп логопедтері оқушылардың арасында оқуда қиыншылықтармен кездесетін балалар саны өскенін айтады.

Сөйлеу тілінің бұзылуы - мектептегі үлгермеушіліктің себептерінің бірі. Бүгінгі таңда жалпы білім беру мектеп оқушыларының ауызша сөйлеу тілінің және жазудың спецификалық бұзылыстарын заманауи кешенді (психология–педагогикалық және нейропсихологиялық) диагностикалау мен түзету әдістемелерін құрастыру бүгінгі күннің талабы. Бірақ осы күнге дейін қазақ тілінде оқитын бастауыш сынып оқушыларының ауызша сөйлеу тілі мен жазбаша сөйлеу тілінің бұзылыстарының түрлері, таралуы, түзету жолдары жайында мәселе жеткілікті қарастырылмаған. Қазіргі таңда бұл мәселе Қазақстандық арнайы педагогиканың өзекті мәселесінің бірі. Осыған байланысты біз зерттеу жұмыстарын жүргізуді жөн көрдік.

**Зерттеудің мақсаты:** Жалпы білім беретін мектептің қазақ тілінде оқитын бастауыш сынып оқушыларының сөйлеу тілі бұзылыстарының қалпын анықтау.

**Зерттеудің міндеттері:**

1. Зерттеу мәселісі бойынша арнайы әдебиеттерді зерттеу.

2. Жалпы білім беретін мектептің бастауыш сынып қазақ тілінде оқитын оқушылардың ауызша және жазбаша бұзылыстарын зерттеуде арнайы әдістемелерді іріктеп, бейімдеп анықтаушы эксперимент өткізу және нәтижесін талдау.

3. Бастауыш сынып оқушыларының сөйлеу тілінің бұзылыстарының жүйелі сипаттамасын ескере отырып бастауыш сынып мұғалімдері мен аталарына арналған әдістемелік нұсқаулар ұсыну.

**Зерттеудің  
нысаны**

Жалпы білім беретін мектептің бастауыш сынып оқушыларының сөйлеу тілінің даму үрдісі.

**Зерттеудің  
пәні**

Сөйлеу тілінің ерекшеліктері.

**Ғылыми  
болжамы**

Егер жалпы білім беру мектептің бастауыш сынып оқушыларының ауызша сөйлеу тіліндегі бұзылыстар дер кезінде анықталып, түзету жұмысын ұйымдастырса, оқушылардың жазуындағы қателіктерін алдын алуға және болашақта үлгермеушілікке жол бермеуге мүмкіндік туындайтын еді.

## **Отандық ғалымдар:**

А.Д.Сейсенова-өзге тілді балаларға қарағанда қазақ тілінде сөйлей бастаған немесе сөйлеуге дайындық үстінде отырған балалардың бірнеше ерекшеліктері мен ұқсастықтарын бар екенін зерттеулерінде айтқан.

Т.Т. Аяпова-Қазақ тіл білімінде сөйлеу әрекеті онтогенезі, бала тілінің шығуы мен дамуы теориялық жағынан да, бақылау тәжірибе жағынан да арнайы ғылыми зерттеу объектісі ретінде алғаш рет өзінің еңбегінде синтаксистік семантика тұрғысынан, яғни бір сөзді сөйлемнен бастап, екі сөзді, үш сөзді сөйлемдер деңгейінде қарастырылған.

Т.Тәжібаев - «Ауызша сөз бен жазбаша сөздің арасындағы үлкен айырмашылықтар бар, ол айырмашылықтар балалар тілінде айқын көрінеді – дей келіп, бұл айырмашылықтардың себебі жазбаша сөздің өзгешелігінде, оның механикалық құрылысының күрделілігінде дегенді айтады.

Қ.Қ.Өмірбекова мен А.С.Тухышева - жалпы білім беретін мектеп оқушыларының, атап айтқанда 2-4 сынып оқушыларының жазбаша сөйлеу тілінің жағдайына салыстырмалы зерттеу жүргізген.

А.Н.Гвоздев-бала тілінің морфологиялық және синтаксистік безендірілу процесін бақылаған материалдар, аморфты сөздерден бастап толық құрамды сөйлемге дейінгі грамматикалық құрылымдар туралы зерттеген.

Л.С.Выготский -автономды түрдегі бала тілінің ерекшеліктерін анықтаған. Оған тән белгілер ретінде жағдаяттылық, сөздердің көп мағыналылығы, сөздер арасындағы байланыстың жоқ болуы, басқа да сипаттар анықталған.


## **Шетелдік ғалымдар:**

Г.А. Цукерман-«Егер мұғалім баланы, оқуға үйреткісі келсе, ол оларға тек ғана білім беріп қоймай, шеберлік пен дағды да қалыптастыру керек»- деп айтып кеткен.

И.П.Подласый - 6 жастан бастап 12 жас аралығы танымдық әрекетті қалыптастыруға және дамытуға өте қолайлы кез деп есептейді .


А.А.Монтьев -сөйлеу әрекеті, теориясына сай, барлық тілдік әрекет сияқты белгілі бір динамикалық құрылымда болады деген.

Жалпы білім беру  
мектебінде бастауыш  
сынып оқушыларында  
сөйлеу тілі  
бұзылыстарының  
жағдайын анықтау  
мақсатымен Алматы  
облысы, Талғар қаласы  
№18 орта мектепте  
эксперимент жүргізілді.




Экспериментке  
бастауыш сынып  
(1- 4 сыныптар)  
оқушылары тексерілді.  
Тексеруге жалпы 4 сынып  
оқушылары қатысты.  
Барлық оқушылар саны –  
60.

## Мектептегі балалардың оқу үлгерімдерінің төмен болу себептері




Сурет 1. Жалпы білім беру мектеп оқушыларының ауызша сөйлеу тілін тексеру және нәтижелерін талдау.







Сурет 2. 1-4 сынып оқушыларының фонематикалық қабылдауының жағдайы



Сурет 3. 1-4 сынып оқушыларының артикуляциялық моторикасының жағдайы



Сурет 4. 1-4 сынып оқушыларының дыбыс айтуының жағдайы



Сурет 5. 1-4 сынып оқушыларының сөйлеу тілінің сенсомоторлы деңгейі

Бастауыш сынып оқушыларының жазуында жіберетін қателер түрлерінің пайыздық көрсеткіштері (%)

Сынып	Қателер түрлері							
	шатастыру түрлері			Тастап кету	Артық әріпті (буынды) қосып жазу	Орнын алмас-тыру	Бірге жазу	Бөлек жазу
	Акустикалық - Артикуляциялық ұқсастығы бойынша	Кинетикалық ұқсастығы бойынша	Оптикалық ұқсастығы бойынша					
I	41,2	18,2	18,3	18,4	3,7	0,3	10,1	9,8
II	40,0	17,7	23,2	18,1	3,1	0,1	9,4	9,5
III	37,2	16,6	23,1	20,2	1,4	-	8,8	9,1
IV	30, 2	18,5	22,4	21,5	0,8	-	8,1	8,4

Жалпы білім беру қазақ мектеп оқушыларының арасында бүгінгі таңда ауызша және жазбаша сөйлеу тілінде бұзылыстары бар оқушылардың саны көп және осы бұзылыстары алуан түрлі болуының себептері

1 сыныпқа келген балалардың 15%-ы мектепке дейінгі ұйымдарға бармағаны;

қазақ тілді балаларға арналған мектепке дейінгі арнайы ұйымдар аз болуы;

қазақ тілінде арнайы оқу-әдістемелік, дидактикалық құралдар жеткіліксіз;

мектеп мұғалімдердің осы оқушыларға уақыттың тығыздығына байланысты жеке жұмыс жүргізуге мүмкіндіктері жоқ;

жалпы білім беру мектептерінде сөйлеу тілі кемістігі бар балаларға көмек көрсететін логопедиялық пункттар жұмысы әліде дұрыс ұйымдастырылмаған

# Осы аталған себептерге байланысты келесі ұсыныстар жасауға болады:

- қазақ тілді балаларға арналған мектепке дейінгі арнайы ұйымдар ашу;
- қазіргі таңда жұмыс істеп жатқан ұйымдарда балалардың ауызша сөйлеу тілінің дұрыс қалыптасуына және жазбаша сөйлеу тілінің дамуының алғы шарттарына (естіп-көріп қабылдауын, зейінін, графомоторлы дағдыларын, фонематикалық түсініктерін жетілдіруге) көңіл бөлу қажет;
- ересектердің (логопедтің, тәрбиешінің, мұғалімнің, ата-аналардың) сөйлеуі балалар үшін үлгі болуы керек;
- ғылыми негізделген материалдарды дайындау (жалпы білім беру мектеп жағдайында балаларды қазақ тілінде оқытуға арналған арнайы бағдарламалар, көрнекі-дидактикалық материалдар, әдістемелік нұсқаулар, т.б. );
- мұғалімдер білімін жетілдіру курстар арқылы сөйлеу тілі кемістіктері туралы, өз сабақтарында оларды қай жолдармен түзетуге болатынын, ауызша сөйлеу тілінің бұзылуының жазбаша сөйлеу тіліне әсер етірмеу жолдарын үйренуі тиіс;
- бастауыш сынып және қазақ тілі мұғалімдер дисграфиясы бар балаларды ажырата білу тиіс. Ол үшін дисграфияға тән қателер түрлерін білулері қажет;
- мұғалімдер алдыға қатардағы ұстаздардың сабақтарына қатысып, басылымдағы мәліметтерді қолданып өздерінің іс-тәжірибесін жетілдіру қажет; - ата-аналармен тығыз байланыста жұмыс жүргізу.
- бастауыш сынып және қазақ тілі мұғалімдері өз сабақтарында логопедиялық әдіс-тәсілдерді қолдану арқылы балалардың ауызша және жазбаша сөйлеу тілін дамыту (түзету) жұмыстарын жүргізгені жақсы нәтиже беретіні күмәнсіз;

# *Қорытынды*

1. Жалпы білім беру мектебінің бастауыш сынып оқушыларының сөйлеу тілінің жағдайы жайындағы мәселеге байланысты әдебиеттерді талдау барысында келесі қорытынды жасауға болады: жалпы білім беру мектебінде бастауыш сынып оқушыларының сөйлеу тілінің бұзылыстары және осы бұзылыстардың мектеп бағдарламасын меңгеруге қаншалықты әсер ететіні, оларға білім беруде ерекше мұқтаждықтылығын, сөйлеу тілінің дамуының және оқытуының ерекшеліктері жайында жүйелі түрде берілген мәліметтер әлі жеткіліксіз.

2. Жалпы білім беру мектебінде оқитын қазақ тілді балаларының арасында ауызша және жазбаша сөйлеу тілінің бұзылуы, олардың түрлері, таралуы және сипаты жайында мәліметтер жоқтың қасы. Кеңестік дәуірде Қазақстанда қазақ мектептердің саны аз болып, логопед мамандар беріде ғана санаулы мектептерде жұмыс істеді. Қазірдің өзінде қазақ мектептерінде логопедиялық жұмыстарының бағдарламалары, оқу және әдістемелік құралдар орыс тіліндегі аудармасы арқылы жүзеге асырылуда.

3. Сонымен, жалпы білім беретін мектептің бастауыш сынып қазақ тілінде оқитын оқушылардың ауызша және жазбаша бұзылыстарын зерттеуде арнайы әдістемелерді іріктеп, бейімдеп анықтаушы эксперимент өткізіп және нәтижесін талдадық. Осылайша біздің зерттеуіміздің мақсаты мен міндеттеріне қол жеткізілді, болжам дәлелденді.